




«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН



«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор
С.Н.Идрисов
"7" сәуірі 2021ж.

ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 014

Атырау 2021 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ереже	2 - бет, 8 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Ғылым департаменті директоры м.а.	И.Ж.Жанибекова		4.06.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а.	К.М.Утепкалиева		4.06.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		4.06.21
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		4.06.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ереже	3 - бет, 8 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Құрылымы	4
5	Міндеті және қызметі	5
6	Құқығы	5
7	Жауапкершілігі	6
	Танысу парағы	7
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	8

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады

1. Жалпы ережелер

- 1.1 «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Жас ғалымдар Кеңесі туралы» ережесі Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына сәйкес әзірленген. ЖҒК өз қызметінде «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.2 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жас ғалымдары кеңесі ЖОО-да жұмыс істейтін жас ғалымдар мен мамандардың ғылыми қызметін үйлестіретін қоғамдық жұмыс органы болып табылады.
- 1.3 Кеңестің атауы: қазақ тілінде – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Жас ғалымдар Кеңесі; орыс тілінде – Совет молодых ученых Атырауского университета им.Х.Досмұхамедова; ағылшын тілінде – The Council of young scientists of Atyrau University.
- 1.4 40 жасқа толмаған ғылыми қызметпен айналысатын ғылыми қызметкерлер, тағылымдамашы - зерттеушілер, магистранттар мен докторанттар, жоғары оқу орнының оқытушылары жас ғалымдар болып табылады.

2. Қысқартулар

- 2.1 Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:
 АтУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;
 ЖОО - Жоғары оқу орны;
 СҒЗЖ – Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстары;
 АМЖП – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
 ҒЖХБП - Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
 ҚР – Қазақстан Республикасы;
 ҚҚБ – Құрылымдық бөлімнің басшысы;
 ЖҒК – Жас ғалымдар кеңесі;
 СМК - Сапа мониторингі кеңесі.

3. Нормативтік сілтемелер

- «Білім туралы» Заң;
- ҚР «Ғылым туралы» Заңы;
- Университет Жарғысы;
- Ішкі нормативтік құжаттар.

4. Құрылымы

- 4.1 ЖҒК құрамы ерікті түрде қатысатын университеттің жас ғалымдарынан тұрады. Кеңесті төраға басқарады, Кеңес құрамы: Төрағаның бір орынбасарынан, хатшысынан және Кеңестің мүшелерінен тұрады. Кеңес төрағасы болмаған кезде, міндеттер Кеңес төрағасының орынбасарына беріледі;
- 4.2 ЖҒК төрағасы сайланған кезден бастап, 40 жастан аспаған, үш жылға дейін мерзімге жас ғалымдар мен магистранттар тізімінің көпшілігімен жасырын немесе ашық дауыс беру арқылы (олардың көпшілігі бойынша) ғылыми қызметкерлер құрамынан сайлана алады. Кездесуде жас ғалымдар мен мамандардың, магистранттардың тізімінің жартысынан астамы қатысса, жиналыс дұрыс деп есептеледі.
- 4.3 ЖҒК өз жұмысын жыл сайынғы жұмыс жоспары негізінде орындайды. Жылдық жұмысының қорытындысы бойынша ЖҒК баяндама дайындайды және оны Кеңестің жалпы жиналысында, жоғары оқу орнының Ғылыми Кеңесінде баяндайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ереже	5 - бет, 9 беттен тұрады

5. Міндеті және қызметі

- 5.1 Университеттің ғылыми жастарының кәсіби дамуына, іргелі және қолданбалы зерттеулерге жас ғалымдардың белсенді қатысуына жәрдемдесу.
- 5.2 Ғылыми Кеңесте және ұйымның басшылығында, сондай-ақ мемлекеттік органдарда және қоғамдық ұйымдарда өкілетті органның рөлі мен ғылыми жастардың құқықтарын қорғау, кәсіби қызметтің әртүрлі аспектілеріне және өмірдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына ғалым жастардың пікірін білдіру.
- 5.3 Жастар және инновациялық орталықтар құруды өзін-өзі қамтамасыз ету негізіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың басқа да нысандарына бастау.
- 5.4 Жас ғалымдардың шұғыл ғылыми мәселелерді және басым ғылыми бағыттарды шешуге күш-жігерін біріктіру.
- 5.5 Арнайы әзірленген шаралар жүйесі арқылы жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жандандыру.
- 5.6 Жас ғалымдардың ғылыми жобаларға, ғылыми гранттарға, мектептерге, конкурстарға, бағдарламаларға, тағылымдамаларға қатысу нысандарын жетілдіру.
- 5.7 Басқа ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының жас ғалымдары кеңестерімен байланыс желісін кеңейту және қалыптастыру.

Негізгі қызметі:


- 5.8 Республикалық және халықаралық конференциялар мен семинарларға, симпозиумдарға, тәжірибелерге жас ғалымдардың қатысуына көмектесу және қолдау көрсету, жетекші ғалымдардың дәрістер циклін және ғылыми мектептерімен жас ғалымдармен семинар және кездесулерін конференцияларын ұйымдастыру және өткізу;
- 5.9 Қазақстан Республикасында жас ғалымдарға, жақын және алыс шетелдердегі қорлар, гранттар, конференциялар, мектептер, конкурстар және басқа да іс-шаралар туралы, Қазақстан Республикасындағы жас ғылыми кадрларды мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттық қолдау көрсету;
- 5.10 Жас ғалымдарға гранттық қолдау көрсететін отандық және шетелдік қорлар мен бағдарламалар туралы ақпаратты жинау және жүйелендіру;
- 5.11 Жас ғалымдарға зерттеу нәтижелерін жариялауда әдістемелік, ұйымдастырушылық қолдау көрсету;
- 5.12 Қазақстанның жас ғалымдарының шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтарымен бірлескен ғылыми- зерттеу жобаларын ұйымдастыру. Жаңа жабдықтармен жұмыс істеудің заманауи әдістерін оқытуды ұйымдастыру, жастар ұжымына мамандандырылған жабдықты пайдалануға қол жетімділікті жеңілдету;
- 5.13 Шетелге барған жас ғалымдардың деректер базасын құру. Бірлескен жұмыс үшін, сондай-ақ Қазақстанда жұмыс істеуге тарту мақсатында олармен байланыс орнату.

6. Құқығы:

- 6.1 Кеңестің жұмысына байланысты барлық мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау, жас ғалымдардың ғылыми қызметін жетілдіруде материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 6.2 Ғылыми жастар проблемаларына байланысты сараптамалық құжаттар және нормативті актік құжаттарды дайындауға қатысу;
- 6.3 Жеке жетістіктерге қол жеткізген жас ғалымдарды қолдау және ынталандыру бойынша ұсыныстар енгізу;
- 6.4 Ғылыми конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға, конкурстарға және т.б. қатысу үшін жас ғалымдардың кандидатураларын ұсыну;

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	Жас ғалымдар Кеңесі туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

- 6.5 Жас ғалымдар мен мамандарды қолдаудың бірыңғай жүйесін құру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу.
- 6.6 Ережеге енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырылулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 6.7 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҒД директоры жауапкершілікте болады.
- 6.8 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 6.9 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
 - Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығы бойынша;
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
 - ҚББ мен ҒЖБП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 6.10 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 6.11 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелердің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 6.12 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМК жауапты.
- 7. Жауапкершілігі:**
- 7.1 Осы Ережеде жас ғалымдар Кеңесіне жүктелген міндеттер мен қызметтердің сапалы және уақтылы орындалуына ЖҒК төрағасы толық жауапты.
- 7.2 Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен ИСО 9001:2015 МС талаптарына сәйкес ережені келісуді СМК жүзеге асырады.
- 7.3 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 7.4 Ереже:
- АМЖП;
 - СМК жетекшісімен;
 - заң кеңесшісімен келісіледі.
- 7.5 Ережені Басқарма төрағасы-ректор бекітеді және ол күшін жойғанға дейін жарамды.
- 7.6 Ереженің түпнұсқасы СМК-де сақталады.
- 7.7 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМК жүргізеді.
- 7.8 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.



Басылым: үшінші

7 - бет, 8 беттен тұрады

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

